

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ертіс аудандық әкімдігінің 2003 жылғы 21 мамырдағы N 159/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 16 маусымда N 1879 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 20 наурыздағы N 95/3 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 20 наурыздағы N 95/3 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Тұрғындарды еңбекпен қамту туралы" Заңының 5, 9 бабы бойынша, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) 14) тармақшаларына сәйкес, және мақсаты тобына енетін тұлғаларды әлеуметтік қорғау мақсатында аудан әкімдігі, ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасы б е к і т і л с і н .

2. Қосымшаға сәйкес ауданның жұмыспен қамту бөлімінің тарапынан жолданатын мақсатты топқа енетін жұмыссыздарды жұмыспен қамту үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдар (барлық меншік нысандары) тізбесін анықтау ауылдық округтерінің ә к і м д е р і н е жү к т е л с і н .

3. әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру жағы жұмыс берушілер мен аудандық бюджет есебінен белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Н.Воронинге жүктелсін.

Аудан әкімі

N 159/3 2003 жылдың 21 мамыр
Ертіс ауданы әкімдігінің
қаулысымен бекітілді
"Әлеуметтік жұмыс орындарын
ұйымдастыру туралы"

Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру және ұйымдастыру Қағидасы

Атаулы көмек алатындар және мақсатты топқа кіретін жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру және

ұйымдастыру тәртібін осы қағида анықтайды, әлеуметтік жұмыс орнын беретін ұйымдармен (меншік нысанына қарамай) есеп айырысу жүйесін және негізгі шарттарын реттейді.

1. Жалпы қағидалар

1. Осы қағидада қолданылатын негізгі түсініктер:

1) Жұмыс орыны ол әлеуметтік жұмыс орыны, өкілетті орындарда тіркелген жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс берушілерде құрылатын немесе берілетін, аудан бюджетінің қаржы есебінен, жұмысқа алынғандардың еңбегін төлеуге жұмыс берушілердің шығынын толық немесе жарым-жартылай өтеу арқылы ұйымдастырылады.

2) Мақсатты топтар - ол "Жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген топтар, әлеуметтік көмекке және жұмысқа орналасуға мұқтаж адамдар.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан жұмыссыздарды, қауіпсіздендіру және зейнеттік қамсыздандыру "Еңбек туралы" Қазақстан Республикасының заң актілері бойынша реттеледі.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасу өкілетті орындары жолдама беру арқылы іске асырылады.

2. Жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру тәртібі

4. Жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда әлеуметтік жұмыс орындары құрылады немесе беріледі, осы жұмыс орындарына алынғандардың еңбек ақысы жартылай төлем ақы беру жағдайында шешіледі.

5. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру кезінде кәсіпорындардың тізбесін анықтағанда екі жақты келісімге сәйкес әлеуметтік жұмыс орындарына алынған жұмыскерлерді әрі қарай үнемі жұмысқа орналастыру үшін кепілдеме берген кәсіпорындарға айырықша көңіл бөлінеді.

6. Жұмыссыздардың келісімімен әлеуметтік жұмыс орындарына жолдама аудандық өкілетті орындарында беріледі.

7. Кәсіпорындар мен ұйымдарда жұмысқа алынған жұмыссыздар жұмыстылық жөніндегі өкілетті орыннан есептен алынады.

8. Қазақстан Республикасының құқықтық актілері мен әрекеттелген заңдарына сәйкес әлеуметтік жұмыс орындарына алынған жұмыскерлердің еңбек ақысының мөлшері тағайындалады.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру шарты және қаржы көздері

9. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көзі аудан бюджеті мен жұмыс берушілердің қаражаты.

10. Әлеуметтік жұмыс орнын қаржыландыру "Жұмыспен қамту" бағдарламасы»010 бағдарламасы бойынша "Тұрғындарды жұмыспен қамту" саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар» 103 бағдарламаша арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту: 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Ертіс ауданының әкімшілігінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 63/3 қаулысымен.

11. Республика бойынша белгіленген төмен еңбек ақыдан жоғары емес, әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылған жұмыссыздардың еңбек ақысын төлеуге жұмыс берушілердің шығындары белгіленген еңбек ақының 50 процент немесе жарым-жартылай 50 ден 100 % көлемінде аудан бюджет қаржысынан өтеледі. Есептесу жұмыс берушілердің есеп шотына бюджет қаражатын аудару арқылы жасалады.

Ескерту: 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Ертіс ауданының әкімшілігінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 63/3 қаулысымен.

12. Жұмыстылық жөніндегі өкілетті орын әлеуметтік жұмыс орындарына алынған жұмыссыздардың еңбектерін төлеу үшін компенсация ретінде жарым-жартылай қаржыландыру негізінде жұмыс берушілермен 12 айға дейінгі мерзімге келісім жасайды.

Ескерту: 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Ертіс ауданының әкімшілігінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 63/3 қаулысымен.

N 159/3 2003 жылдың 21 мамыр
Ертіс ауданы әкімдігінің
қаулысымен бекітілді
"Әлеуметтік жұмыс орындарын
ұйымдастыру туралы"

Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы Ертіс ауданының әкімшілігінің 2004 жылғы 24 наурыздағы N 63/3 қаулысымен.

**Ауылдық округтері бойынша
аудан бюджетінен бөлінген қаражаттар сомасы
мен әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілетін
жұмыссыздардың саны**

		Әлеуметтік	Жалпы
--	--	------------	-------

Р е т саны	Ауыл округтерінің атаулары	ж ұ м ы с орындарын құру саны	қаржыландыру м ө л ш е р і (мың теңге)
1	2	3	4
1	Абай	-	-
2	Ағашорын	4	158,4
3	Аманкелді	1	39,6
4	Байзақов	2	79,2
5	Қоскөл	2	79,2
6	Қаракұдық	2	79,2
7	Қызылжар	2	79,2
8	Қосағаш	2	79,2
9	Қызылқақ	-	-
10	Ленин селосы	16	633,6
11	Луговой	-	-
12	Майқоңыр	-	-
13	Панфилов	2	79,2
14	Сілеті	-	-
15	Северный	2	79,2
16	Тоқта	6	237,6
17	Ұзынсу	4	158,4
18	Ертіс	25	990,0
	Барлығы:	70	2772,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК